

Қызылорда қаласы бойынша әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды жұмысқа қабылдау үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 03 тамыздағы N 1715 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 15 тамызда N 10-1-184 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 25 маусымдағы N 3804 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012.06.25 N 3804 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына, "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласының жұмыс берушілеріне мүгедек азаматтар үшін жұмыс орындарының үш процент мөлшерінде квотасы белгіленсін.

2. Қызылорда қаласының жұмыс берушілеріне жұмыс орындарының жалпы санының бір процент мөлшерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квотасы белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Н. Ж ә л и е в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

М. ЖАЙЫМБЕТОВ